

Мемлекеттік сатып алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 303 Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 303 (Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың өз билігіндегі ақшаны тиімді пайдалану мақсатында өнім берушілерден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру процесінде туындастын қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен .

1-тaraу. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары - акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың шешімдерін тұра және (немесе) жанама түрде белгілеуге және (немесе) олар қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде негізгі ұйымның акцияларын (үлестерін) иелену құқықтарын жүзеге асыруға байланысты шешімдерге, шарттарға ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлғалар (акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың қызметін реттеуді өздеріне берілген өкілеттік шеңберінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың өзіне қатысты осындай құқығы болатын кез келген тұлға;

2) ықтимал өнім берушінің аффилиирленген тұлғасы - осы ықтимал өнім

беруші қабылдайтын шешімді анықтауға және (немесе) шешімге, оның ішінде шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне қарай ықпал етуге тікелей және (немесе) жанама құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзі жөнінде сол ықтимал өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке

н е м е с е

з а н д ы

т ү л ғ а ;

2-1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік монополия - шаруашылық жүргізуді тек қана мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заң актілері негізінде жүзеге асыратын, сондай-ақ бәсекелестікті енгізу ұлттық қауіпсіздік, құқық тәртібі, мемлекеттің жоғары лауазымды адамдарының қауіпсіздігі, қорғаныс және қорғаныс-өнеркәсіптік кешен мұдделерін қамтамасыз ету тұрғысынан мақсатқа сай болмайтын жағдайларда жүзеге асырылатын қызмет саласы. Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды;

3) мемлекеттік сатып алу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың өз билігіндегі ақшаның есебінен, осы Заңның 27-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

3-1) конкурстық өтінімнің демпингтік бағасы - тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер белгілі бір тауаррында қалыптасқан бағалар деңгейінен едәуір тәмен бағамен ұсынылатын, ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы; <*>

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт - осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

5) тапсырыс беруші - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар. Тапсырыс беруші конкурстың бастамашысы болып табылады;

6) конкурс - тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алына бағытталған және ықтимал өнім берушілер арасында ашық та адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алушы жүргізу әдісі;

7) конкурстық құжаттама - конкурстың өткізу талаптары мен тәртібі

қамтылатын, конкурстық өтінімді дайындау үшін ықтимал өнім берушіге табыс етілетін құжаттама;

8) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету - конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші табыс ететін ақша кепілі немесе банк кепілдігі;

9) біртекті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер - бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындаудың және өзара алмастыруши болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

10) конкурсты ұйымдастыруши - тапсырыс беруші немесе осы Занға сәйкес конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырыс беруші белгілеген адам;

11) мерзімді баспасөз - Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен уәкілдеме орган айқындаудың, өткізілуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер жарияланатын мерзімді баспасөз басылымдары;

12) өнім беруші - тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта келісім-шарт жасасуышы агент ретінде әрекет ететін жеке немесе занды (мемлекеттік мекемелердің қоспағандары, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе) тұлға;

13) ықтимал өнім беруші - мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатымен мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын жеке немесе занды (мемлекеттік мекемелердің қоспағандары, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе) тұлға;

14) уәкілдеме орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, мемлекеттік сатып алу процесін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. № 569 Занымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандары

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Занданан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Занда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік сатып алу процесін құқықтық реттеу принциптері

Мемлекеттік сатып алу процесін құқықтық реттеу:

- 1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) осы Занда көзделген жағдайлардың қоспағандары, барлық ықтимал өнім

берушілердің мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуына тең мүмкіндік беру;

3) ықтимал өнім берушілер арасындағы адаптацияның мемлекеттік сатып алу процесінде негізделеді;

4-бап. Мемлекеттік сатып алу процесі

Мемлекеттік сатып алу процесі:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлемін қалыптастыруды;

2) өнім берушіні тандауды, онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жаисауды;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын қамтиды.

5-бап. Үәкілдекті органның құзыреті

Үәкілдекті орган:

1) мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қорытады және әзірлейді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нормативтік құқықтық актілер қабылдауды;

3) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестірілуі мен мониторингін жүзеге асырады;

3-1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі акша есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті субъектілердің Мемлекеттік тізілімін жүргізу ді жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі есептіліктің нысанын, оны жасау мен табыс етудің тәртібін әзірлейді;

6) әдістемелік материалдарды, үлгілік конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді, мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша конкурстарды ұйымдастырушыларға консультациялық көмек көрсетеді;

7) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқанға дейін конкурстарды ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілер мен конкурс комиссияларының Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарын бұза отырып қабылдаған шешімдерін қайта қарау немесе олардың күшін жою жөнінде шешімдер қабылдауды;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдары бұзыла отырып жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану жөнінде соттарға талап

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдары саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес әкімшілік жазалар қолданылады;

9-1) тапсырыс берушілерге және конкурсты ұйымдастырушыларға, сондай-ақ конкурстың комиссияның мүшелері мен хатшысына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша орындалуға міндетті үйғарымдар енгізеді;

9-2) конкурстың комиссияның, конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің іс-әрекеттеріне шағым жасалған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасуды тиісті тексеру жүргізу кезеңіне, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы;

9-3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлеміне талдау жасайды;

9-4) тапсырыс берушілерден қажетті есептілікті, ақпараттар мен материалдарды сұратады және алады;

9-5) ұсынылған есептілік деректердің дұрыстығын тексереді;

9-6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша тапсырыс берушілер орындауға міндетті шешімдер қа^былда^йды;

9-7) мемлекеттік сатып алушың үйымдастырылуы мен өткізілуін бақылайды;

9-9) сараптамалар мен консультациялар өткізуге мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын тартады;

9-10) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Уәкілетті органның ұйғарымдарына Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

*Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.
N 569, 2007.01.11. N 218 Зандарамен.*

6-бап. Мемлекеттік сатып алуға байланысты қызметтегі жариялышық

1. Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, өткізілуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді конкурсты үйымдастыруши мерзімді баспасөзде жариялайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысандар мен мерзімдерде уәкілетті органға табыс етеді.

2. Уәкілетті орган ықтимал өнім берушінің мемлекеттік сатып алу процесіне өзінің қатысуын жоспарлауы үшін мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты мерзімді баспасөзде ұдайы жариялады отырады және (немесе) жалпыға жететін телекоммуникациялық желілерге (Интернет және басқалар) орналастырады.

6-1-бап. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақша есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті субъектілердің мемлекеттік

тізілімі

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақша есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті Субъектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілуге тиіс.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақша есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті Субъектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізуіндегі және одан шығарудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

*Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05
. N 569 Заңымен .*

7-бап. Мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты шектеулер

1. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын ықтимал өнім берушінің лауазымды немесе сенім білдірген адамының жақын туыстарының (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) немесе жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы және балалары) мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруге құқығы жоқ .

2. Іқтимал өнім берушінің және (немесе) оның конкурстық құжаттаманы

дайындау бойынша тапсырыс берушіге консультациялық қызметтер көрсеткен қызметкерінің көрсетілген консультациялық қызметтерге байланысты тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

3. Іктинал өнім беруші мен оның аффилиирленген тұлғасының бір конкурсқа (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

4. Осы бапта көрсетілген негіздер бойынша конкурстық өтінім қабылданбай тасталған кезде конкурстың қорытындылары туралы хаттамада оның қабылданбау негізdemелері көрсетіледі, олар осы конкурстық өтінімді табыс еткен ықтимал өнім берушіге хабарланады.

8-бап. Іктинал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

1. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін ықтимал өнім беруші, осы Заңның 20-бабында және 21-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге:

1) кәсіптік біліктілігі, сондай-ақ сатып алғынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тиісті рыногында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибе^{сі} болуға;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржы, материалдық және еңбек ресурстары болуға;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігі^{сі} болуға;

4) төлем қабілеті болуға, таратылуға жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбаған болуға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатылып қоймаған болуға тиіс;

5) мемлекеттік сатып алу туралы соңғы екі жыл ішінде жасалған шарттардағы өз міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жауапқа тартылмаған болуға тиіс.

Сатып алғынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесі болуының қажеттігі туралы талаптар осы Заңның 27-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және ықтимал өнім берушілер болып табылатын жағдайларда мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің үйымдарына қолданылмайды.

1-1. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарға кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын ықтимал өнім беруші - жеке тұлғалар өздері осындай ықтимал өнім беруші - жеке тұлғаларға меншік құқығында тиесілі тауарларды тапсырыс берушіге сату мақсатында қатысқан кезде, осы баптың 1-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көзделген талаптарды қоспағанда, олардың біліктілік талаптарына сай болуы талап етілмейді.

2. Ықтимал өнім беруші өзінің осы баптың 1-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растау үшін конкурсты ұйымдастырушуға аттестаттардың, қуәліктердің, патенттердің, лицензиялардың, сертификаттардың, дипломдардың және анықтамалардың көшірмелерін табыс етеді.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен міндетті аудит өткізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де табыс етеді.

3. Ықтимал өнім беруші, оған біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда, осындай факт анықталған кезден бастап бір жыл ішінде мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға жіберілмейді.

Табыс етілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы конкурстың комиссияның ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарын қарауы кезінде анықталады.

Конкурсты ұйымдастыруши конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ықтимал өнім берушілердің дәйектемесіз ақпарат ұсынған анықталған барлық фактілері туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны туралы сотқа талап-арыздар ұсынған кезде олардың талап-арыздары қанағаттандырылған жағдайда, олар сот шешімі қүшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның мекен-жайына белгіленген тәртіппен расталған сот шешімінің көшірмесін жібере отырып, оны хабардар етуге міндетті.

Біліктілік талаптары бойынша дәйектемесіз ақпарат ұсынған ықтимал өнім берушілер туралы, сондай-ақ соңғы екі жыл ішінде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін соттың заңды қүшіне енген шешімі негізінде жауапқа тартылған ықтимал өнім берушілер туралы ақпарат уәкілетті органның WEB-сайтына орналастырылады.

4. Конкурсты ұйымдастырушиның ықтимал өнім берушіге осы Занда көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге құқығы жоқ. Ықтимал өнім беруші өзіне қойылатын біліктілік талаптарына жатпайтын ақпаратты табыс етпеуге құқылы.

*Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.
N 569 Занымен .*

9-бап. Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәсілдері

1. Мемлекеттік сатып алу мына тәсілдердің бірімен:

1) ашық конкурс;

2) жабық конкурс;

3) баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау;

4) бір көзден сатып алу;

5) ашық тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Ашық және жабық конкурстар екі кезеңді рәсім пайдаланыла отырып
өткізу мүмкін.

3. Мемлекеттік сатып алушы осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 4)
тармақшаларында аталған тәсілдермен жүзеге асыру үшін конкурсты
ұйымдастыруши конкурстық комиссия құрады.

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру мен өткізу, конкурстық комиссияны
құру мен оның қызметінің тәртібін, сондай-ак тауарларды, жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді сатып алушың салалық ерекшеліктерін және солар
бойынша шарттар жасасу мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі
белгілеуді.

4. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және қазыналық
кәсіпорындар қаржы жоспарын бекіткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде
мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарын бекітеді, онда сатып алынатын
тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған
номенклатурасы мен көлемі, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырудың тәсілі
мен мерзімдері көрсетіледі.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар,
акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе
акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен
аффилиирленген занды тұлғалар жыл сайын, бірінші сәуірден кешіктірмей,
бюджеттердің (бизнес-жоспарлардың) негізінде, мемлекеттік сатып алушың
жылдық жоспарын бекітеді, онда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған номенклатурасы мен көлемі,
мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырудың тәсілі мен мерзімдері көрсетіледі.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспары бекітілгеннен
кейін оны жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті органға табыс етеді.

Мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарының нысанын уәкілетті орган
бекітеді.

5. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық
кәсіпорындардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс
беруші, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген мерзімде
республикалық бюджет туралы заң немесе мәслихаттың тиісті жылға арналған

жергілікті бюджет туралы шешімі қабылданбаса, Қазақстан Республикасының Үкіметі келесі жылдың бірінші тоқсанына белгілейтін тізбе бойынша ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік сатып алу көлемінен осы шарт бойынша аспайтын көлемде тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын ұзартуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, егер жаңа қаржы жылдың басына қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті бекітілмеген болса, осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбе бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында осы шарт бойынша мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуға да құқылы.

Құрылыштағы ұзак мерзімді мердігерлік жұмыстарға және оларға ілеспе тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге жасалған шарттар, сондай-ақ өзірленуінің технологиялық мерзімі бір жылдан асатын тауарларды сатып алу туралы шарттар бір жылдан асатын мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай шарттар жасасудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес тапсырыс беруші таңдаиды.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен.

2-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ АШЫҚ КОНКУРС ТӘСІЛІМЕН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

10-бап. Ашық конкурсты ұйымдастыру

1. Осы Заңда сатып алуды жүзеге асырудың өзгеше тәсілі көзделген жағдайларды қоспағанда, ашық конкурс мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі болып табылады.

2. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсты ұйымдастырады және өткізеді.

Тапсырыс беруші бюджет (бизнес-жоспар) бекітілгеннен кейін келесі жылға қажетті және бекітілген бюджетте (бизнес-жоспарда) көзделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзіне бағынысты мемлекеттік мекемелер үшін конкурсты ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге, сондай-ақ олардың арасынан бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны анықтауға құқылы.

Тапсырыс беруші мемлекеттік орган немесе мемлекеттік мекеме болған жағдайда, басқа мемлекеттік органның немесе мемлекеттік мекеменің конкурсты ұйымдастырушы болып белгіленуі мүмкін.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін олардың арасынан бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны белгілеуге құқылы.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс әкімінің бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны белгілеуін қоспағанда, тиісті бюджеттердің деңгейлері бойынша өзіне бағынысты мемлекеттік мекемелер үшін конкурсты ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы, сондай-ақ олардың арасынан бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны белгілей алады.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі занды тұлғалар өздерінің аффилиирленген занды тұлғалары үшін бірыңғай конкурсты ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы, сондай-ақ олардың арасынан бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны белгілеуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік кәсіпорындар және өзі құрылтайшысы (үәкілетті орган) болып табылатын занды тұлғалар үшін конкурсты ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы.

4. Мемлекеттік органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелерден басқа, бірнеше тапсырыс беруші біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөнінде бірыңғай конкурс өткізе алады. Бұл орайда бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны Қазақстан Республикасының **Үкіметі** белгілейді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. № 569 Занымен.

11-бап. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру (хабарлама)

1. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруда (хабарлама) мынадай мәліметтер :
 - 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жорамалданып отырған мемлекеттік сатып алушының көлемі, атауы және тауарлардың жеткізілу, жұмыстардың орындалу және қызметтердің көрсетілу орны ;
 - 3) тауарлар жеткізудің, жұмыстар орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мәрзімдері ;
 - 4) конкурстың құжаттама алу орны мен тәсілдері, сондай-ақ оған төлем жасаудың реквизиттері ;

5) конкурстық өтінімдер табыс етілетін орын мен соңғы мерзімі, сондай-ақ конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын орын, күні мен уақыты;

6) конкурсты ұйымдастыруши белгілейтін басқа да қажетті ақпарат болуға тиіс.

2. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталған күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мерзімді баспасөзде мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялануға тиіс.

Хабарландырулар бір мезгілде уәкілетті органның WEB-сайтында жариялануы мүмкін.

Конкурс өтпей қалды деп танылған жағдайда қайтадан ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей мерзімді баспасөзде жариялануға тиіс.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен.

12-бап. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

1. Конкурсты ұйымдастыруши барлық ықтимал өнім берушіге мынадай ақпарат:

1) ықтимал өнім беруші өзінің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін табыс етуге тиісті құжаттарға қойылатын талаптар;

2) техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса алғанда, ал қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіле отырып, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сипатталған жазбалар мен олардың талап етілетін техникалық және сапалық сипаттамалары;

3) сатып алынатын тауардың саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарлардың жеткізілу, жұмыстардың орындалу немесе қызметтердің көрсетілу орны;

5) тауарлар жеткізудің, жұмыстар орындаудың немесе қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

6) төлем талаптары және мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт;

7) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау негізделетін бағадан басқа, барлық өлшемдердің сипаттамасы, соның ішінде мұндай әрбір өлшемдердің салыстырмалы мәні, конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру тәсілінің сипаттамасы;

8) егер тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің балама сипаттамаларына жол берілсе, баламалы конкурстық өтінімдерге баға беру мен салыстыру тәсілінің тиісті нұсқамасы мен сипаттамасы, шарттың ережелері

немесе конкурстың құжаттамада айтылған басқа да талаптар;

9) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өз құнынан басқа, бағаның басқа элементтерді (тасымалдауға және сақтандыруға, кеден баждарын, салықтар мен алымдарды және т.б. төлеуге арналған шығыстарды) қамтуға тиіс екендігіне не тиіс еместігіне нұсқамаларды қоса алғанда, конкурстың өтінімнің бағасын есептеу әдіstemесі;

10) конкурстың өтінімнің бағасы көрсетілуге тиісті валютаны немесе валюталарды және конкурстың өтінімдердің бағасын салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

11) Қазақстан Республикасының тіл туралы зандарына сәйкес конкурстың өтінімдерді, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасау мен табыс етудің тіліне қойылатын талаптар;

12) конкурстың өтінімді енгізу талаптары, мазмұны мен қамтамасыз ету нысаны;

13) ықтимал өнім берушінің конкурстың өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстың өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті нұсқама;

14) конкурстың өтінімдер беру тәсілі, орны және соңғы мерзімі (бірақ жұмыс күніндегі жергілікті уақыт бойынша он бес сағаттан кешіктірмей) және олардың қолданылу мәрзімі;

15) ықтимал өнім берушінің конкурстың өтінімнің бір бөлігін ұсыну құқығына тиісті нұсқау, онда конкурстың өтінім бар конверттерді тікелей ашу сәтінде сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағасы көрсетіледі;

16) конкурстың құжаттаманың мазмұны бойынша ықтимал өнім берушілердің солардың көмегімен түсіндірме сұратын тәсілдері және конкурсты ұйымдастырушының сол кезеңде ықтимал өнім берушілермен ашық нысанда өткізілетін және хаттамаланатын кездесу өткізу ниеті туралы хабарламасы;

17) конкурстың өтінімдер салынған конверттер ашылатын орын, күн және уақыт (бірақ конкурстың өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткен кезден бастап екі сағаттан кешіктірмей);

18) конкурстың өтінімдер салынған конверттерді ашу және конкурстың өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер;

19) конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушының өкілдік етуге ол уәкілеттік берген лауазымды адамдары туралы мәліметтер;

20) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талаптары, оның нысаны, көлемі мен тәсілі;

21) отандық тауар өндірушіге - ықтимал өнім берушілерге басымдық беру талаптары мен тәртібі көрсетілген конкурстық құжаттаманы табыс етуге міндетті

2. Біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді оларды жеткізіп беру (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндетті. Біртекті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша және (немесе) жеткізіп беру (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндетті. Бұл орайда конкурс жеңімпазы тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша анықталады.

3. Құрылым мөрзімі алты айдан асатын құрылым объектілеріне мөрдігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу өткізілген жағдайда, конкурсты үйімдестеруші конкурсның күжаттамада сатып алу үшін көзделген ең жоғары

4. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттаманы табыс еткені үшін конкурстық құжаттаманың көшірмесіне нақты жұмсалған шығындардан аспайтын, ал жабық конкурс өткізілген жағдайда оны жіберу үшін де Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп пен талаптар бойынша ақы алуға
К Ұ Қ ы լ ы .

Егер конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік мекеме болса, мұндай ақыннан бюджет кірісінің есебіне аударылады.

5. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сұрау салып жүгінуге құқылы, бірақ ол конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірілмеуі керек. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу тіркелген кезден бастап үш күн мерзім ішінде оған жауап қайтаруға және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпестен, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық ықтимал өнім берушіге осындай түсіндірмені хабарлауға міндетті.

6. Конкурсты үйымдастырушы конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе ықтимал өнім берушінің сауалына жауап ретінде хаттама ресімдеу арқылы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы. <*>

Енгізілген өзгерістердің міндепті күші болады және конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттаманы берген барлық ықтимал өнім берушілерге олар туралы дерек хабарлайды. Бұл орайда конкурсты

ұйымдастыруышы ықтимал өнім берушілердің бұл өзгерістерді конкурстық өтінімдерде есепке алуы үшін конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

7. Конкурсты ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беру үшін конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және тиісті уақытта ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізуге құқылы. Бұл орайда конкурсты ұйымдастыруышы осы кездесу барысында табыс етілген конкурстық құжаттамаға түсіндірме беру туралы сауал салу көздері көрсетілмеген сауалдарды, сондай-ақ осы сауалдарға жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама конкурстық комиссияға және конкурсты ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық ықтимал өнім берушілерге дереу жіберіледі.

8. Конкурстық құжаттама уәкілетті орган бекітетін үлгі негізінде жасалады.

Конкурстық құжаттаманы конкурсты ұйымдастыруышы бекітеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. № 569 Заңымен.

13-бап. Конкурстық өтінімдердің қолданылу, табыс етілу, өзгертілу және кері қайтарып алыну мерзімі

1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық өтінімді желімделген конвертке салып конкурсты ұйымдастыруышыға табыс етуге міндетті.

Іқтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге, сондай-ақ өзінің осы Заңының 12-бабының 7-тармағына сәйкес конкурсты ұйымдастыруышы өткізетін кездесуге қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Конкурсты ұйымдастыруышы, тапсырыс беруші және конкурстық комиссия конкурстың нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөнінде міндеттеме алмайды.

2. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

3. Конкурсты ұйымдастыруышы конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі өткенге дейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей ықтимал өнім берушілерден осы мерзімді нақты уақыт кезеңіне ұзартуды өтінуге құқылы. Іқтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтып алу құқығын жоғалтпай, мұндай сауалды қабылдамауға құқылы және оның конкурстық өтінімінің мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімі біткен соң аяқталады.

4. Іқтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы

мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқылы. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер оны конкурсты ұйымдастыруши конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

5. Конкурстық өтінім берудің ең соңғы мерзімі өтіп кеткеннен кейін берілген конкурстық өтінім ашылмайды және ол ықтимал өнім берушіге қайтарылады.

14-бап. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамада көзделген, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына немесе өзгерпейтініне кепілдік беретін нысанда, тәсіл мен жағдайларда мәлімделген жалпы соманың бір процентінен үш процентіне дейінгі мөлшерде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге, сондай-ақ оның конкурстық өтінімі жеңіп шықты деп танылған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға міндетті. Бұл ретте конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшері барлық конкурсқа қатысушылар үшін бірдей болуға тиіс.

2. Үқтимал өнім берушілер, егер:

1) олар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын және тұтас алғанда конкурс бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемі құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда ғана;

1-1) олар Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауар өндіруші, жұмыстар орындаушы және қызмет көрсетуші ұйымдар болса және тұтас алғанда конкурс бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда ғана ;

2) мемлекеттік сатып алу нысанасы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, талдамалар жүргізу болса;

3) олар екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурстың бірінші кезеңіне қатыссаса ;

4) олар қайталама рыноктағы түрғын үйді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысушы жеке тұлғалар болып табылса;

5) олар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алуға конкурсқа қатысушы үүкіметтік емес ұйымдар болып табылса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді .

3. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету:

- 1) банкте орналастырылатын ақша кепілі;
- 2) банк кепілдігі түрінде берілуі мүмкін.

4. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

5. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету, егер ықтимал өнім беруші:

1) конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгерте;

2) конкурстың жеңімпазы ретінде анықтала отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаспаса;

3) конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және талаптарда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, конкурстық өтінімді және тиісті қамтамасыз етуді табыс еткен ықтимал өнім берушіге қайтарылмайды.

Бұл орайда, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылған жағдайда, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісіне немесе, егер ол конкурсты ұйымдастыруши болса, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебіне аударылады.

6. Конкурсты ұйымдастыруши ықтимал өнім берушіге енгізілген конкурстық өтінімді қамтамасыз ету келіп түскен кезінен бастап мынадай жағдайларда:

1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткен;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген;

3) конкурстың жеңімпазы анықталмай, мемлекеттік сатып алу рәсімдері токтатылған;

4) конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім кері қайтарып алынған;

5) конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейді деп, конкурстық өтінім қабылданбаған;

6) басқа ықтимал өнім беруші конкурстың жеңімпазы болып айқындалған жағдайларда бес жұмыс күні ішінде қайтарып береді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 , 2005.04.12. N 35 Зандарымен .

15-бап. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу

1. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақыт пен орында ашады. Конкурстық өтінімді табыс еткен ықтимал өнім беруші немесе оның уәкілетті өкілі конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуға құқылы

.

2. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде конкурстық комиссия қатысып отырған тұлғаларға конкурсқа қатысатын ықтимал өнім берушілердің атауы мен тұратын жерін, олар ұсынған бағаны, егер олар құжат арқылы көрсетілсе, конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алуды және өзгертуді, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын жасайды.

Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының конкурстық комиссиясының мүшелері және хатшысы қол қойған көшірмесі ашу рәсімі кезінде қатысушы ықтимал өнім берушілерге беріледі, қатыспағандарға - олардан саулалы алынған күннен бастап екі жұмыс күні мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 Заңымен .

16-бап. Конкурстық өтінімдерді қарau, бағalaу мен салыстыру және конкурс қорытындыларын шығару

1. Конкурстық өтінімдерді қарau, бағalaу және салыстыру кезінде:

1) конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарau, бағalaу және салыстыруды жеңілдету үшін ықтимал өнім берушілерден олардың конкурстық өтінім беруіне байланысты түсіндірмелер сұратуға құқылы;

1-1) ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдеріндегі мәліметтерді нақтылау мақсатында конкурстық комиссия тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратуға құқылы;

2) конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін сауладар, ұсыныстар немесе рұқсаттар жасауға ж о л б е р і л м е й д і .

1-1. Іқтимал өнім берушінің конкурстық өтінімін бағалау кезінде осы ықтимал өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушінің сатып алушмен байланысты барлық шығыстары ескеріледі .

2. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді, егер онда конкурстық өтінімнің мәнін өзгертпей түзетуге келетін грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін конкурстық өтінім ретінде қарайды.

3. Конкурстық комиссия, егер:

1) осы конкурстық өтінімді табыс еткен ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сай келмese;

2) ықтимал өнім беруші, осы Заңының 14-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлем мен талаптарда конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбесе;

3) осы конкурстық өтінім, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды

қоспағанда, конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмесе,

3-1) осы конкурстың өтінімді тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу өз мұддесіне орай жүзеге асырылатын тұлға берсе;

4) конкурсқа қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы осы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан артық болса, конкурстық өтінімді қабылдамайды.

Объектілерді салуға және оларға ілеспе тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі, сондай-ақ әзірленуінің технологиялық мерзімі бір жылдан асатын тауарларды сатып алуға конкурс өткізілген кезде, егер конкурсқа қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы осы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін көзделген сомадан артық болған жағдайда да оның конкурстық өтінімі қабылданбайды.

3-1. Егер ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы демпингтік болып табылатын жағдайда, конкурстық комиссия оның конкурстық өтінімін қабылдамауға құқылы. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Егер конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарын қанағаттандыратын екеуден кем ықтимал өнім беруші конкурстық өтінім берсе, конкурстық комиссия конкурсы өтпелі деп таниды.

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін сатып алуға конкурс өткізу кезінде, егер қайсыбір лот бойынша біліктілік талаптарына сай келмейтін екеуден кем ықтимал өнім беруші конкурстың өтінім бермесе, конкурстың комиссия осы лот бойынша конкурс өтпеді деп таниды.

Егер конкурстың құжаттама талаптарына сай келетін екіден кем конкурстың өтінім ұсынылған болса да конкурстың комиссия конкурсты өтпей қалды деп т а н и д ы .

5. Егер конкурс тұтас алғанда немесе қайсыбір лот бойынша өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші конкурсты үйымдастыруыша:

1) қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманың мазмұнын өзгертуді және қайтадан конкурс өткізу ді;

2) екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып, конкурс өткізуі ұсынуга құқылы.

6. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық өтінімдерге баға беріп, оларды салыстырады және мынадай өлшемдерді ескере отырып, ең тәменгі баға негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындаиды:

1) а л ы п т а с т а л д ы

2) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетеүге және жөндеуге арналған шығыстар;

3) тауарларды жеткізіп беру, жұмыстарды аяқтау немесе қызметтерді көрсету м е р з і м д е р і ;

4) тауарлардың функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамалары;

5) т ө л е м т а л а п т а р ы ;

6) тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге кепілдік беру т а л а п т а р ы ;

7) мейлінше жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін басқа да өлшемдер (қосымша инвестициялар, жұмыспен қамтуды ынталандыру, технологияны беру мен басқару, ғылыми және өндіріс кадрларын даярлау), сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиісті рыногындағы жұмыс тәжірибесі;

8) осы Заңның 26-бабына сәйкес отандық тауар өндірушілерді - ықтимал өнім б е р у ш і л е р д і қ о л д а у ;

9) ықтимал өнім берушінің біліктілік деректері.

7. Мемлекеттік сатып алушың нысанасы консультациялық қызметтер көрсетуді тарту болатын жағдайда:

1) конкурстық өтінімнің бағасы;

2) консультациялық қызметтердің сапалық сипаттамалары;

3) ықтимал өнім берушінің осы қызметтер көрсету рыногындағы жұмыс т ә ж і р и б е с і ;

4) ықтимал өнім берушінің біліктілік деректері, беделі, сенімділігі, кәсіптік құзыретті іріктеу өлшемдері болып табылады.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады.

9. Конкурстың қорытындылары осы Заңның 17-бабына сәйкес отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде р е с і м д е л е д і .

10. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін уәкілетті органға табыс етеді.

Конкурсты ұйымдастыруши конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде конкурстың нәтижелерін оның атауын, жеңімпазы мен оның мекен-жайын, конкурс жеңімпазы ұсынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауын және бірлігінің бағасын көрсете отырып, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мерзімді баспасөзде жариялау жолымен барлық қатысқан ықтимал өнім берушілерге хабарлайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 Заңымен .

17-бап. Конкурс қорытындылары туралы хаттама

1. Конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырған кезде конкурстық комиссия конкурстың қорытындылары туралы хаттама ресімдеуге міндettі, онда мына дай ақпарат болуға тиіс:

1) әрбір лот бойынша конкурс женімпазының атауы мен орналасқан жері және женімпаз анықталатын талаптар көрсетіле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша сипаттамасы;

2) конкурстық өтінімдерді табыс еткен ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері;

3) конкурстық өтінімдерді табыс еткен ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректері туралы немесе осындай деректердің жоқ болуы туралы;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа да негізгі жағдайларының қысқаша мазмұны;

5) конкурстық өтінімдерді бағалаудың мазмұны және оларды салыстыру;

6) конкурстық өтінімдерді қабылдамаудың себептерін көрсету;

7) егер конкурс нәтижесінде женімпаз анықталмаса, себептерін көрсету;

8) конкурстық құжаттамаға түсіндірме беру туралы сауалдардың, оларға қайтарылған жауаптардың қорытылған мазмұны, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың қорытылған мазмұны;

9) мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиіс болған мерзім (конкурс женімпазы хабарламаны алған кезден бастап үш жұмыс күнінен аспауы керек);

10) егер конкурс өткен жағдайда, - сатып алуға бөлінген сома.<*>

Конкурстық өтінімді ұсынған ықтимал өнім беруші конкурстың қорытындылары мерзімді баспасөзде жарияланған күннен бастап қүнтізбелік бес күн ішінде конкурстың қорытындылары бойынша уәкілетті органға шағым жасауға құқылышы. Бұл ретте мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қаралады.

2. Конкурстың қорытындылары туралы хаттама конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді табыс еткен кез келген ықтимал өнім берушінің талап етуі бойынша конкурс қорытындылары шығарылғаннан кейін табыс етіледі. Егер бұл ақпаратта Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтер болған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы зандарында белгіленген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 Заңымен .

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ БАСҚА ТӘСІЛДЕРМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

18-бап. Жабық конкурс

1. Жабық конкурс уәкілетті органның келісімі бойынша, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер олардың күрделі немесе мамандандырылған сипатта болуы себебімен ықтимал өнім берушілердің конкурсты ұйымдастырушыға алдын ала мәлім шектеулі санындаған болған жағдайларда өткізіледі.

2. Жабық конкурс өткізу туралы хабарлама сатып алынатын тауарлары, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері бар барлық ықтимал өнім берушілерге осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде жіберілуге тиіс.

Хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін тапсырыс берушінің басшысы бекітеді.

3. Жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Заңның 2-тарауында көзделген нормалар қолданылады.

19-бап. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс:

1) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің егжей-тегжейлі ерекшеліктерін толық тұжырымдау, олардың техникалық және өзге де сипаттамаларын анықтау қыын және ықтимал өнім берушілердің ұсыныстарын сұрау не туындаған мәселелер бойынша олармен келіссөз жүргізу қажет болған;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, іздестірулер жүргізу немесе талдамалар жасау қажет болған;

3) бір кезеңді ашық конкурс немесе жабық конкурс жеңімпазды анықтауға жеткізбеген жағдайларда өткізіледі.

2. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай кезеңдердің:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларына, оларды берудің (орындаудың, қызмет көрсетудің) шарттық талаптарына қатысты ұсыныстарды ықтимал өнім берушілерден конкурстық құжаттама негізінде сұрату; ықтимал өнім берушілер конкурстық құжаттамаға сәйкес бағасын көрсетпей табыс еткен бастапқы конкурстық өтінімдерді қарау; ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректерін қарау; қажет болған жағдайда тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларына, оларды берудің (орындаудың, қызмет көрсетудің) шарттық талаптарына қатысты мәселелерді біліктілік талаптарына сай келетін ықтимал өнім берушілермен талқылау;

2) ықтимал өнім берушілер табыс еткен тауарлардың, жұмыстар мен

көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамалары негізінде конкурстық құжаттамаға конкурсты үйымдастырушының өзгерістер енгізуі; конкурстың бірінші кезеңінен өткен ықтимал өнім берушілердің түпкілікті конкурстық өтінімдерді табыс етуі; олардың бағасы мен бағалық ұсыныстарын және бағалау өлшемдерін ескере отырып салыстыру, конкурс қорытындыларын шығару кезеңдерінің жиынтығы болып табылады.

3. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде бастапқы конкурстық құжаттамада осы Заңың 12-бабы 1-тармағының 2), 7)-9) тармақшаларында айтылған ақпарат болмауы мүмкін.

4. Іштимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, түпкі конкурстық өтінімді табыс етпеуге құқылы.

5. Конкурстық комиссия түпкі конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурстың қорытындыларын шығарады.

6. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы Заңың 2-тарауында көзделген нормалар қолданылады.

Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы Заңың 18-бабында көзделген нормалар қолданылады.

20-бап. Өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау

1. Өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау тапсырыс беруші үшін егжей-тегжейлі ерекшеліктерінің елеулі маңызы жоқ, нақтылы бар тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі, бұл орайда баға шешуші талап болып табылады.

2. Өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, қандай болса да біртекті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемдері құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана қолданылады.

Мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен қамтылатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қандай болса да біртекті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемінің құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаған

жағдайда ғана өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдауға құқылыш.

3. Өнім берушіні баға ұсыныстарын пайдалана отырып таңдау әдісін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін олардың ең болмаса біреуінің мөлшері осы баптың 2-тармағында белгіленгеннен кем болатындей бөліктеге бөлшектеуге жол берілмейді.

4. Тапсырыс беруші кем дегенде екі аффилиирледірлімеген ықтимал өнім берушіден сатып алынатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жазбаша баға ұсыныстарын сұратады және белгіленген мерзімде түскен барлық баға ұсыныстарын қарайды. Тапсырыс беруші ең төмен баға ұсынысын табыс еткен ықтимал өнім берушіден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен.

21-бап. Бір көзден мемлекеттік сатып алу

1. Бір көзден мемлекеттік сатып алу конкурсты қолданбай сатып алуды білдіреді және:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер табиғи монополияның субъектісі болып табылатын ықтимал өнім берушіде ғана нақтылы болған немесе қандай да бір нақты ықтимал өнім берушінің баламасы жоқ болған жағдайда осы тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары болған;

1-1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер белгілі бір тауар рыногындағы үлесі жүз процентке тең, осы рынокта үstem (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінде ғана болған немесе балама болмаған;

1-2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын ықтимал өнім берушіде ғана болған;

2) дүлей зілзаларап (жер сілкіну, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрттер, індептер мен эпизоотиялар, ауыл шаруашылық өсімдіктері мен ормандарды аурулардың және зиянкестердің закымдануы туғызған төтенше жағдайлардың, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік авариялары мен басқа да авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар шығаратын (шығару қатері бар) өрттер, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, бөгеттердің бұзылуы, тіршілік етудің электр энергетикалық және коммуникациялық жүйелеріндегі, тазалау құрылыштарындағы авариялар туғызған төтенше жағдайлардың салдарынан Қазақстан Республикасының

зандарында белгіленген тәртіппен сол тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге конкурс өткізу мүмкіндігін жоққа шығаратын жедел қажеттіктер туындаған;

3) қандай да бір өнім берушіден тауарлар, жабдықтар, технологиялар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер сатып алған тапсырыс берушіде нақ сол тапсырыс берушіде бірыңғайлау, стандарттау немесе қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен, жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен сыйымдылығын қамтамасыз ету мақсатында нақ сол тапсырыс берушіден басқа да сатып алуды жүргізу қажеттігі туындаитын;

4) конкурс өтпей қалды деп танылған және (немесе) тапсырыс беруші қолданған, осы Заңның 16-бабының 5-тармағында көзделген шаралар мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға алып келмеген жағдайлардаға жағдайлардаға жүргізіледі. Бұл ретте осы ереже конкурс жарамсыз деп танылған жағдайларға қолданылмайды;

5) сатып алғанда стратегиялық маңызы зор тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер берушіні осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген;

6) коммуникациялар, тетіктер, агрегаттар, қосалқы бөлшектер мен материалдар жол жүріп бара жатқанда сынған, іsten шыққан әрі оларды дерене қалпына келтіру талап етілген жағдайда акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, занды тұлғалар және олармен аффилиирленген занды тұлғалар уәкілетті органға кейіннен міндетті түрде құнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде хабарлай отырып, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алған;

7) күн сайын және (немесе) апта сайын тұтынылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді конкурстың қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңге мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажет болған жағдайлардаға жағдайларда жүргізіледі;

8) кепіл беруші - Қазақстан Республикасының азаматы ипотекалық түрғын үй заемы бойынша міндеттемені орындауға қабілетсіз болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган ипотекалық түрғын үй заемы бойынша талап ету құқығын сатып алады.

2. Егер мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен қамтылатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін біртекті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық көлемі құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занды белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен, ал акцияларының (үлестерінің) елу және одан да

көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, занды тұлғалар, сондай-ақ олармен аффилиирленген занды тұлғалар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен артық болса, осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 3), 4) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды тапсырыс беруші уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады. Табиғи монополия субъектілерінің немесе белгілі бір тауар рыногындағы үлесі жүз процентке тең, осы рынокта үstem (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің тауарларын , жұмыстарын және көрсетілетін қызметтерін сатып алуы уәкілетті органның келісімін

талап етпейді.

Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін, егер олардың тіпті біреуінің мөлшері айлық есептік көрсеткіштің:

1) мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен қамтылатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен ;

2) акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, занды тұлғалар, сондай-ақ олармен аффилиирленген занды тұлғалар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен кем болса, сатып алудың жылдық көлемін қаржы жылы ішінде бөлшектеуге жол берілмейді.

Осы баптың 1-тармағының 1-2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушілер мемлекеттік монополия субъектілерінен осы субъектілер мемлекеттік монополия субъектілері ретінде айқындалған бөлігінде көрсететін қызметтерді ғана сатып алуға құқылы. Бұл ретте уәкілетті органның келісімі талап етілмейді.

3. Бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурснық комиссия осындай ықтимал өнім берушіден тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің осы ықтимал өнім беруші ұсынып отырған бағасының барлық қажетті негіздемелерін сұратады.

Осы баптың 1-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайда мемлекеттік сатып алу бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген кезде конкурснық комиссияны құру талап етілмейді. <*>

4. Бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ықтимал өнім беруші, осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 1-2) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның 8-бабында көзделген біліктілік

5. Бір көзден мемлекеттік сатып алууды жүзеге асыру кезінде конкурсстық комиссия сатып алу туралы хаттама жасауға міндетті, онда мынадай ақпараттар:

1) бір көзден мемлекеттік сатып алу әдісін қолданудың негіздемесі;

2) бір көзден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы болуға тиіс.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 , 2004.07.09. N 587 Зандарымен .

22-бап. Ашық тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатыш алу

Мемлекеттік сатып алу процесінде тек қана ашық тауар биржалары арқылы сатылуға тиісті биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар сатып алынатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңдарына сәйкес тауар биржаларында жүргізіледі.

Биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген қандай да бір біртекті тауарларды мемлекеттік сатып алушың жылдық көлемі құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселеңген мөлшерінен, ал мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен қамтылатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселеңген мөлшерден аспайтын болса, егер Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңдарында өзге ең төменгі көлем белгіленбесе, тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырудың өзге тәсілін таңдауға құқылы.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.05.

N 569 Зацымен.

23-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

1. Тапсырыс беруші конкурс женімпазы - ықтимал өнім берушіге хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес типтік шарттың негізінде жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны о л а р ғ а ж і б е р е д і .

2. Конкурстың жеңімпазы оның конкурстық өтінімін жеңіп шықты деп тану

туралы хабарламаны және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде осы шартқа қол қоюға немесе тапсырыс берушіні келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабардар етуге міндettі.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың мерзімі конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

4. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бағасын төмендетуді қоспағанда) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгерістер және (немесе) жаңа талаптар енгізуге жол берілмейді.

Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған сапа, көлем және басқа да талаптар өзгермейтін жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа бағасын төмендету бөлігінде өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойғанға дейін шарттың бағасын төмендету мақсатында ықтимал өнім берушімен келіссөздер жүргізуге құқылы. Бұл ретте ықтимал өнім беруші мұндағы төмендетуге келіспеуге құқылы, ол тапсырыс берушіге тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып танылған ықтимал өнім берушімен жасалатын шартқа қол қоюдан жалтару құқығын бермейді.

Егер мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау барысында сатып алынатын ұқсас тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағалары төмендеу жағына өзгерген жағдайда, осы тармақта көзделген ережелер ескеріле отырып, тапсырыс беруші мен ықтимал өнім берушінің екі жақты келісімі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5. Тапсырыс беруші өнім берушіден мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі талап етуге құқылы және өнім беруші үлкен қамтамасыз етуді ол конкурстың құжаттамада көзделген жағдайда ғана Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен енгізуге міндettі .

6. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта тараптардың оны орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін айыппұл санкциялары көзделуге тиіс.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Занымен .

4-тaraу. АРНАУЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24-бап. Қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік сатып алушың ерекше талаптары

Мемлекеттік сатып алу процесі үшін құпиялылық режимін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілдігін қамтамасыз ететін ерекше тәртіп белгілеу талап етілетін жағдайларды қоспағанда, қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүргізіледі. Осындай сатып алушы жүргізуін ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

24-1-бап. Мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның көрсетілетін қызметтерді сатып алуының ерекше талаптары

Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу, инвестициялық міндеттемелерді орындау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын ерекше тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 24-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен .

25-бап. Жеке адамдар үшін мемлекет кепілдік берген көрсетілетін қызметтерді сатып алушың ерекше талаптары

Қазақстан Республикасының заң актілерінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде мемлекет кепілдік берген қызметтер көрсетушіні таңдау құқығы тікелей жеке адамға берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен белгіленген баға (тарифтер) бойынша жеке адам таңдаған өнім берушіден осы қызметтерді мемлекеттік сатып алушы тапсырыс беруші жүзеге асырады.

25-1-бап. Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру

1. Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу арнайы тәртіппен жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу процесін жүзеге асырудың арнайы тәртібін, ақпараттық жүйеге жол берудің ерекшелігін, номенклатураны, көлемдерді және мемлекеттік сатып алу процесін қамтамасыз ету үшін құрылған ақпараттық жүйелер арқылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыруға міндетті тапсырыс берушілерді

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Мемлекеттік сатып алу процесін қамтамасыз ету үшін құрылатын ақпараттық жүйелер саласындағы шаруашылық жүргізуі жүзеге асыру мемлекеттік монополия болып табылады.

Ескерту. 25-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Заңымен .

26-бап. Отандық тауар өндірушілерді қорғау талаптары

1. Отандық тауар өндіруші - ықтимал өнім берушілердің жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау кезінде басымдығы болады, оның тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Отандық тауар өндіруші - ықтимал өнім берушілерге басымдық беру талабы конкурстық құжаттамада көзделуге тиіс.

3. Егер мемлекеттік сатып алудың нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын (көрсетілетін) жұмыстар (қызметтер) болса, тапсырыс беруші отандық (қазақстандық) шикізат пен материалдарды, жергілікті (қазақстандық) еңбек және өндіріс ресурстарын пайдалана отырып, жұмыстар орындауды (қызметтер көрсетуді) талап етуге құқылы. Мұндай талап конкурстық құжаттамада көзделуге тиіс.

27-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілері мен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері

ұйымдарын қолдау

1. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастыру кезінде конкурсты ұйымдастыруши тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен және (немесе) тауарлар өндіретін, жұмыстар орындаپ, қызметтер көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бұл орайда мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің аталған ұйымдарындағы мүгедектер саны қызметкерлердің жалпы санының елу бір процентінен кем болмауға тиіс.

1-1. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелерді іске асыру үшін конкурсты ұйымдастыруши тек қана шағын кәсіпкерлік субъектілері және (немесе) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарлар өндіруші, жұмыстар орындаушы және қызметтер көрсетуші ұйымдар қатыстырылатын к он к у р с ө т к і з е д і .

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен және (немесе) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарлар өндіруші, жұмыстар орындаушы және қызметтер көрсетуші ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде олардың арасынан өнім берушіні таңдау, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Заңың 2-тaraуында көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Заңың 16-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс өтпей қалды деп танылған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы осы Заңың 16-бабының 5-тармағына сәйкес жалпы негіздерде конкурсты қайтадан өткізуге құқылы.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің аталған ұйымдарынан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатуrasesы және олардың көлемін (процентпен көрсеткенде) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілеп отырады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен және Қазақстан Республикасы мүгедектері қоғамдық бірлестіктерінің сол ұйымдарынан конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы сатып алуды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жалпы негізде жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 569 Занымен.

27-1-бап. Сатып алынуы мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылмайтын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер

1. М ы на л а р :

1) жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстар;
2) жалақы, жәрдемақылар, іссапар шығыстары және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

3) ғылым, әдебиет және өнер туындыларының авторларына төленетін авторлық сыйақы;

4) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпаздары болып белгіленген акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар немесе олармен аффилиирленген заңды тұлғалар жүзеге асыратын, осы конкурстың нәтижесінде белгіленген өздерінің шарттық міндеттемелерін орындауға қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) өкілдік шығыстар (өзара ынтымақтастықты орнату немесе қолдау мақсатында жүргізілетін ресми қабылдауларды өткізу, сондай-ақ басқарманың, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты есебінен

қамтылатын органдардың, директорлар кеңесінің, тексеру комиссиясының отырысына қатысушыларды ресми қарсы алу және акционерлер жиналысын өткізуге арналған, келіссөздер кезінде оларды көлікпен қамтамасыз ету, буфет (фуршет) қызметін көрсету жөніндегі, ұйымның штатында тұрмайтын аудармашылардың қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар);

6) көрмелерге, семинарларға, конференцияларға, кеңестерге қатысуға қажетті шығыстар, сондай-ақ көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің материалдарын сатып алу, мерзімді баспасөз басылымдарын сатып а л у ;

7) қызметкерлерді шет елдерде даярлау, қайта даярлау және біліктілігін а р т т ы р у ;

8) кепіл, кепілдік және қаржылық қызметтерді тарту туралы шарттар бойынша міндеттемені орындауды қамтамасыз етудің басқа да тәсілдері;

8-1) мүлікті лизингтік қызметті жүзеге асыру шенберінде лизингке беру мақсаты мен с а т ы п а л у .

9) лизингке беру, факторинг, франчайзинг, комиссия шарты бойынша сыйақы төлеу, сенімгерлік басқару, бюджет қаражатынан төлем жасау бөлігінде тікелей субсидия алушыға субсидия беру;

10) рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді сатып алу, қаржылық қызметтер (сақтандыру қызметтерін, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің қаржылық қызметтерді тартуын қоспағанда);

11) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметтері қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін өтеусіз негізде ұсынатын гранттар қаражатын, сондай-ақ оларды беру туралы келісімде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың өзге де рәсімдері көзделген жағдайларда осы гранттарды бірлесіп қаржыландыруға бөлінетін қаражатты жұмсайды;

12) мемлекеттік білім тапсырысы;

13) медициналық көмектің тегін кепілді көлемі;

14) саудаларға (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстар, мүлікті (активтерді) :

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы зандарына сәйкес сот орындаушылары жүргізетін;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы зандарына сәйкес өткізілетін ;

Қазақстан Республикасының жер туралы зандарына сәйкес өткізілетін; мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тізбе бойынша өткізілетін саудаларда (аукциондарда) сатып алу;

15) бағалы қағаздарды сатып алу;

16) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық қызметі;

17) банкноттар мен монеталардың дизайны бойынша көрсетілетін қызметтер, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгені жасауға байланысты тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер;

18) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі;

19) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына сыртқы аудит жүргізу;

20) ұйымдардың жарғылық капиталына инвестициялар салуды жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Инвестициялық қорының қызметі, сондай-ақ осы ұйымдардың мұндай инвестициялау жүзеге асырылғанға дейін оларға осы Заңның күші қолданылмаған жағдайда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

21) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 72-бабына, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114 және 304-баптарына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабына және "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес (6-бапта көзделген жағдайларды қоспағанда) адвокаттар көрсететін заң көмегі үшін ақы төлеуден босатылған тұлғаларға көрсетілген заң көмегі үшін ақы төлеу және мұндай жағдайларда қорғау мен айыпталуышының немесе сезіктінің таңдау құқығы болмаған кезде қылмыстық істер бойынша адвокаттық қызмет көрсетілуіне байланысты шығыстарды отеу;

22) жасалатын нотариаттық іс-әрекеттер үшін ақы төлеу;

23) мемлекеттік органдардың актілері негізінде жер учаскелерін беру үшін ақы төлеу;

24) акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тізбе бойынша тауарларды кейіннен көтерме-бөлшек саудада откізу мақсатында сатып алуды;

25) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарында көзделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

26) мемлекеттік награлаларды, депутаттың омырауға тағатын белгісін, мемлекеттік сенім таңбаларын, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарын (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық), Қазақстан

27) статистикалық деректерді өндөу жөніндегі қызметтерді сатып алу;

28) акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың инновациялық қызметті қаржыландыру жөніндегі шешімді қабылдау мақсатында инновацияларға тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерді сатып алуды;

29) ұйымдардың Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметінің негізгі нысанасы бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша сатып алуды;

30) жедел-іздестіру қызметі міндеттерін жүзеге асыруға уәкілетті органдардың оларды орындау кезінде:

жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға құпия түрде жәрдемдесуге келісім берген адамдар көрсететін қызметтерді;

қызметтік үй-жайларды, көліктік және өзге де техникалық құралдарды, мұлікті сатып алуы;

жасырын кәсіпорындар мен ұйымдар құруы; қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнаулы білімі бар лауазымды азаматтар мен мемандар жарастадік шыншеттерді остиң анын

31) Алматы қаласы өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Халықаралық кеңесі мүшелерінің қызметтерін қоса алғанда, Алматы қаласы өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның консалтингтік қызметтер көрсетуді сатып алуы мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сатып алушы жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушілер осы Заңның 3-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алу процесін құбылтық реттеу принциптерін басшылыққа алуға міндетті.

*Ескерту. 27-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының
2004.07.05. N 569, өзгерту енгізілді - 2005.12.23. N 108, 2006.06.05. N 146,
2006.07.04. N 150 Зандарымен.*

5-тарау. КОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

28-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылау

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тапсырыс беруші жүзеге асырады

29-бап. Конкурсты ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің және конкурстық комиссияның іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау

1. Мемлекеттік сатып алу процесін жүргізу барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандары бұзылған жағдайда, ықтимал өнім беруші мемлекеттік сатып алу процесінің өткізілуі барысында конкурсты ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің немесе конкурстық комиссияның іс-әрекеті мен шешімдеріне Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы. Бұл орайда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін тандау шағым жасалу объектісі болмайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандары бұзылған жағдайда, уәкілетті орган конкурсты ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің немесе конкурстық комиссияның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға дейінгі шешімдерін жарамсыз деп тануға және мемлекеттік сатып алу процесін токтатуға құқылы.

Бұл орайда, егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, күшіне енсе, уәкілетті орган осы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

30-бап. Дауларды шешу

Мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шешіледі.

31-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандарын бұзғандық үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы зандарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

32-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Занды ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 216-құжат; 1998 ж., N 23, 415-құжат; 1999 ж., N 23, 932-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Казақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК